**"Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамының қызметін кешенді тексеру жөнінде жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 19 сәуір N 48-ө

1. Кешенді тексеру және "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік

қоғамының "Сканбург АБ" (Швеция) және "Баргаль" (Израиль) фирмаларымен жасасқан келісім-шарттарға сараптама жүргізу және оның жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Жолдыбаева Сәуле Мүсінқызы - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда вице-министрі, жетекші

Әбусейітов Қайрат Қуатұлы - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Көптарапты ынтымақтастық департаментінің директоры

Әсілбеков Азамат Ермекұлы - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Заңдар және халықаралық құқық департаментінің бас маманы

Базгенова Майкен Үсінбайқызы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі салық полициясы комитетінің Бас жедел басқармасының ерекше маңызды істер жөніндегі аға инспекторы, аға лейтенант

Ғалышев Артур Сметұлы - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті басқарма бастығының орынбасары

Доминов Евгений Евгеньевич - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының

орынбасары

Қасабеков - "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы
Асқар Серікбайұлы жабық акционерлік қоғамының
вице-президенті

Мүнісов Ермек - Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Сапарбекұлы министрлігі Шығыс Қазақстан облысы
бойынша 9-басқармасының жедел уәкілі,
аға лейтенант

2. Жұмыс тобы атқарылған іс туралы есепті Қазақстан Республикасының Үкіметіне 1999 жылғы 20 мамырға дейін мерзімде табыс етсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрі М.Қ. Әблязовке жүктелсін.

Премьер-Министр

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК